

**Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 24/176 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2016 жылғы 4 мамырдағы № 2/21 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 маусымда № 3836 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 қарашадағы № 8/71 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 03.11.2023 № 8/71 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 24/176 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2519 болып тіркелген, 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 9 (12115) "Балқаш өңірі", 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 9 (1188) "Северное Прибалхашье" газеттерінде, 2014 жылдың 31 қаңтарында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

2-тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"9) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ

электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

11-тармағы келесі мазмұндағы 7) тармақшасымен толықтырылсын:

"7) ең төменгі күнкөріс деңгейінің 0,6 еселік мөлшерінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.";

келесі мазмұндағы 18-1 тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Өтініш беруші әлеуметтік келісімшарт бойынша әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген жағдайда азаматпен әңгімелесу жүргізіледі. Әңгімелесу нәтижесі бойынша әңгімелесу парағы ресімделеді және өтініш берушінің отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырылады.";

келесі мазмұндағы 26-1 тармақпен толықтырылсын:

"26-1. Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек отбасының ( адамның) еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан шарттарда және отбасы (адам) мүшелерінің, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты әрекет ететін мерзім ішінде әлеуметтік бейімделуі қажет болған жағдайда көрсетіледі және ай сайын немесе үміткердің өтініші бойынша үш айға біржола төленеді.";

келесі мазмұндағы 26-2 тармақпен толықтырылсын:

"26-2. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты айға, отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және ( немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және ( немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда, оны қосымша алты айға дейін ұзарту мүмкіндігімен жасалады.";

27-тармақ алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қала әкімі*

**2016 жыл 04 мамыр**

*"Балқаш қаласының жұмыспен қамту*

*және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің басшысы*

**2016 жыл 04 мамыр**

*"Балқаш қаласының*

*экономика және қаржы бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*С. Пшенбаев*

*К. Тейлянов*

*А. М. Аглиулин*

*Ж.Қ. Томпиева*

*З. С. Шлыкова*

2016 жыл 04 мамыр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК